

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 141 (9203)

1953 жылғы 17 июль

Жұма

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Революциялық қырағылық күшейтілсін!

Бұл күндері бүкіл елімізде партия комитеттерінің активпен басқосқан пленумдары, бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстары, сол сияқты, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның жалпы жыйналыстары өткізілуде. Партия комитеттерінің пленумдарында, еңбекшілердің жыйналыстарында Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Пленумының және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Берияның партияға қарсы, мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттері туралы қаулылары талқылануда. Еліміздің коммунистері мен барлық еңбекшілері халықарадық империализмнің бұл малайын ашу-ызамен масқаралап, партия мен Совет үкметінің саясатын шын берілгендікпен толық қолдайтындықтарын білдіруде.

Партия ұйымдарында және еңбекшілердің жалпы жыйналыстарында бұл мәселені талқылаудың барысы партия мен бүкіл совет халқының Берия ісімен саяси сабақ алып, коммунизм құрылысындағы алдағы жұмысы үшін тиісті қорытындылар шығаратындығын айқын көрсетуде.

Ең маңызды қорытындылардың бірі мынадай: партия және совет ұйымдарының бүкіл жұмысында, коммунистік құрылыстың әрбір учаспағында, қандай да болса жағдайда коммунистер мен барлық еңбекшілердің революциялық қырағылығын мейлінше күшейте беру керек.

Капиталистік қоршаудың болып отырғандығы совет адамдарынан қырағылықты мейлінше күшейтуді талап етеді. Біз негүрлым табыспен алға басқан сайын, халықаралық реакция солгүрлым ызаланғ түседі. Ол ССРО-дағы жеңімпаз коммунизм құрылысына өзінің бөгет жасау әрекетін үздіксіз күшейте береді, мұның үшін қандай құралды болса да талғаусыз қолданады. Мұны Совет мемлекетінің бүкіл тарихы дәлелдейді. Мұны, бір жағынан, бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің күштерінің үздіксіз өскендігімен ыспатталатын, екінші жағынан, империалистік лагерь күштерінің әлсіреуімен ыспатталатын кезіргі бүкіл халықаралық жағдай дәлелдейді.

се астыртын жүздеген миллион доллар қаржы жұмсауда.

Бейбітшілік, демократия және социализм жауларының біздің еліміз ішінде азды-көпті бұқаралық әлеуметтік тірегі жоқ және болуы мүмкін емес. Олардың бірден-бір сенетіні — біздің елімізге шеттен жіберілетін шпиондар мен диверсанттар, әртүрлі сілімтіктер және саяси, моральдік жағынан азғындаған әртүрлі элементтер.

Мұның бәрі түсінікті және заңды да. Капиталистік қоршаудың өмір сүріп, жанталаса әрекет жасап отырғандығымен, біздің арамизға өзінің агенттерін жіберетіндігімен, Отанның мүдделеріне опасыздық етуге және империалистердің советтік қоғамды бүлдіру жөніндегі тапсырмаларын орындауға әзір тұратын адамдарды үнемі іздестіретіндігімен есептесудің өзі марксизмнің — ленинизмнің негіздерін қатты ұмытқандық болар еді.

Магнитогорскінің Сталин атындағы металлургия комбинатының домна цехы жұмысшылары мен қызметшілерінің жыйналысында сөз сөйлеген № 2 нештін мәтері Овсянников жолдас былай деді:

— Партия біздерге капиталистік қоршауды ешқашан ұмытпай, қырағы болу керек екенін үйретіп келеді. Бейбітшілік, демократия және социализм лагері қуағының барған сайын өсуінен өдердей қорқатын империалистік жыртықштар барып тұрған зұлымдық әдістерді қолданатындығын біз есте ұстауға тиістіміз. Олар совет халқының қажырлы еңбегін күйретуге, оның коммунизмге қарай алға басып отыратуға тырысады. Империалистердің агенті, партия мен халықтың қас жауы, авантюрист Берия империалистердің нұсқауы бойынша не істемек болды? Ол партия мен елге басшылықты басып алғысы келді. Не үшін? — деген сұрақ қойылады. Біздің Коммунистік партияны қырату, совет елін өткендегі қарғыс атқан капиталистік заманға қайта оралту үшін басып алғысы келді. Жолдастар, бұл сабақты ұмытпайық, қай уақыттағыдан болса да қырағы болайық, сонда біз халықаралық империализмнің

тияны қырату, көп жылдар бойы партия жасап берген саясатты, сайып келгенде, капитализмнің қайта орнатылуына әкеп соқтыратын тізе бүгушілік саясатпен ауыстыру мақсатымен, партияға және мемлекетке басшылықты басып алу жоспарларын көкейінде сақтап келген. Алғашқыда астыртын, бүркемеленіп әрекет жүргізген Берия шетелдерде Совет мемлекеті жауларының совет еліне қарсы бүлдіру әрекеті жалпы күшейген кезде арсыздықпен дандайсып кетті.

Берияның өшкереленуі, сонымен, мынадай даусыз фактіні — совет еліне қарсы дұшпандық әрекеттің бір ұшы ССРО-да болса, екінші ұшы біздің айналымыздағы капиталистік мемлекеттерге барып жететінін тағы да және тағы дәлелдейді. Мұнан шығатын қорытынды: капиталистік қоршауға қарсы құралды әрдайым әзір ұстау керек, біздің революциялық қырағылығымызды үнемі күшейте беру керек.

Революциялық қырағылықты мейлінше күшейту, арамиздағы бейқамдықты және ашық ауыздықты жою міндеті бүкіл партия жұмысын батыл жақсартуды талап етеді. Әңгіме партия белгілеген басшылық принциптерін және партия тұрмысының қағидаларын, ең алдымен коллективтік басшылық принциптерін бұлажытпай орындау туралы болып отыр. Барлық ұйымдар мен ведомстволардың жұмысы партияның үнемі және әрдайым бақылауында болып отыруы керек. Кадрларды іріктеуге іскерсымақ тұрғыдан қараудан біржолата бастартып, қызметкерлерді олардың саяси және іскерлік қасиеттеріне қарай іріктеудің партиялық принциптерін қатаң сақтап отыру керек.

Партияның бұқарамен байланысын нығайтып, кеңейтуге, еңбекшілердің тілектеріне ерекше көңіл қойып отырудың, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның — барлық совет адамдарының тұрмыс жайын жақсартуға күнбе-күн қамқорлық жасап отырудың аса зор маңызы бар. Өзара сынды, әсересе, төменнен көтерілген сынды онан сайын батыл өрістетіп, еңбекшілер қалың бұқарасының

Революциялық қырағылық — барлық жауларға қарсы біздің құралымыз. Бұл құралды әрдайым өткір, әрдайым ұрысқа әзір ұстайық. Сонда дұшпандардың қастық әрекеттерінің қандайы болса да сөзсіз күйрейді.

Коммунистер мен барлық еңбекшілердің революциялық қырағылығын күшейте берейік!

Мал азығын дайындауда жайбарақаттыққа жол беруге болмайды

Мал азығы өздігінен дайындалмайды

Совет ауданының орталығынан оңтүстік-батысқа қарай тартқан үлкен жолдың бойы көкмайсалы шалғынымен, қаулап өскен көк шөбімен көз тартады. Белуардан келетін егін, шөпті жел желкідетіп тербелтіп тұр. Айналаның көркем көгінен көз айырмай, сүйсіне қарап келеміз біз.

Жалғыз біз ғана емес, быйылғы шөп өңіміне осы өңірдегі колхоздардың басшылары да қызығатын көрінеді.

— Быйыл шөбіміз мол болады, — дейді Оразов пен Рамазанов жолдастар.

Бірақ олардың бұл қызығуы жай сырттай ғана қызығу екен. Олар мал азығының өздігінен дайындалмайтынын естен шығарса керек. Шөп қалай мол болады, қайтсе мал азығының берік қорын жасауға болады, мұны олар әлі де жете ойластырмаған сияқты. Өйткені, Оразов, Рамазанов жолдастар басқарған «Ігілік», «Аралғаш» колхоздарында мал азығын дайындау жұмыстарының қарқыны баяу. «Ігілік» колхозында шабылған шөпшен оны жыйнауың арасында үлкен алшақтық бар. Мұнда осы айдың басында пішен шабу мен жыйнауың арасында 300 гектар алшақтық болды. Шабылған шөп күн сайын сарғайып, қурап бара жатты. Мұны көріп сасқан колхоз басшылары тоқтаусыз шөп шауып жүрген екі кең алымды машинаның біреуін тоқтатып қойды. Сөйтіп, шөп шабуды тежеп алшақтықты жоюдың «оңай жолын» тапқансыды.

— Бұлай етпесек болмайды, бізге екі кең алымды машинаға бір-ақ трактор тырнауышыны берді, МТС-қа біз қатты өкпеліміз, — дейді олар.

Дәл осы кезде 5 көлікке жегілетін тырнауыш ұста үйінің алдында жөделмей, босқа тұрды. Онда жұмыс істейтін шөпшілер колхоз орталығында босан-босқа жүрді.

дайындауға тиісті 1800 гектар жердің шөбі де шабылмай қалуы мүмкін. Өйткені, колхозда егін жыйнау науқанының басталуына санаулы-ақ күндер қалды.

«Аралғаш» колхозы быйыл 1850 гектар шөп шабуға тиіс. 10 июльге бұдан 1223-ақ гектар пішен шабылған. Шөп шабу мен маялаудың арасында 250 гектар алшақтық бар. Ал, мал қоралары жанына небары 50-ақ тонна шөп тасылған.

Ленин атындағы колхоз (председателі Қанафин жолдас) өзінің жер көлемінен болсын, мал санынан болсын ауданда ең ірі колхоздың бірінен саналады. Колхоз быйыл қоғамдық малға 5000 тонна шөп дайындауға тиіс.

Алайда, жұмыс қарқыны мұнда да нашар. 10 июльге 2317-ақ гектар жердің шөбі шабылып, 827-ақ тонна шөп майланған. Одан базаға тасылғаны 333-ақ тонна.

Бұл колхозда адам күші де, көлік күші де жеткілікті. Бірақ, оларды жұмысқа қосу, пайдалану ісі өте нашар. Мал азығын дайындау сияқты аса маңызды науқан кезінде колхозда жұмыс істемей бос жүрген адамдар да бар. Екатерина Филоненко, Валентина Караульных, Баян Темірбеков жолдастар сияқты еңбекке жарамды адамдар шаруашылықтың ешбір саласына жұмыс істеуге тартылмай отыр.

Ол-ол ма, № 2 бригадда шөп шабу жұмысында істейтін 24 адам тиісті еңбек күні минимумын талпайды. Мұнда толық белсене жұмыс істеп жүрген 4-ақ колхозшы бар. Жұмыс негізінен қосымша күштер мен мектеп оқушыларының қатысуымен, аудан және қала еңбекшілерінің көмегімен жүргізіліп келеді. Осының салдарынан № 2 бригада шөп шабу жоспарын 20-ақ процент орындады.

Қоғамдық малға жемішп дайындау жұмыстарының барысы «Совет» (председа-

Олар қандай кемшіліктер? Еналдымен, бұл колхоздардың басшылары жөне партия ұйымдары жұмыстың мұндай маңызды саласына колхозшыларды толық жұмылдыра алмай келеді. Олардың арасында социалистік жарыс дұрыс ұйымдастырылмаған. Колхоз басшылары өздігінен жүретін және кеңалымды машиналарға сеніп, көлік машиналары мен тырнауыштарын жұмысқа түгел қатыстырмай отыр.

Бұл колхоздардағы партия ұйымдары өз міндеттері дәрежесінде жұмыс істемей келеді. Социалистік жарыс туралы отар күр ауызға ғана алады. Шынында жеке-кеген шөпшілердің, машинистердің, малшылардың, шөп тасушылардың арасында өзара социалистік жарыс ұйымдастырылмаған. Еңбек күні минимумын орындамай және жұмысқа себепсіз қатыспай жүрген колхозшылармен ешбір жұмыс жүргізілмеген.

Мәселен, Ленин атындағы колхоздың партия ұйымы (секретары Посвященный жолдас) шөп шабу науқаны басталғаннан бері ешбір үгіт-бұқаралық жұмыс жүргізген жоқ. Көктемгі егіс кезінде шығып тұрған қабырға газеті мен жауынгерлік листоктардың шығуы да тоқтатылған. Мұндағы оқу үйінің (менгерушісі Петренкова жолдас) жұмысы мүлде нашар. Оқу үйі үнемі жабық тұрады. Бригадаларға газет, журналдар апарылмайды.

Аталған колхоздарда мал азығын дайындау жөніндегі актебеліктердің үндеуі де талқыланбаған. Актебеліктердің қандай бастама көтергенін тіпті колхоз басшылары мен партия ұйымы секретаряларының өздері де білмейді.

Мал азығы өздігінен дайындалмайды. Қоғамдық мал шаруашылығына жемішп дайындау жұмысындағы бұл кемшіліктерге бұдан ері тәуеле болмайды. Колхоздың екінші үлкен науқанға — егін жый-

қуаты мен творчестволық күштері кемеліне жеткен біздің Советтік Отанмыз коммунизм орнату жолында сеніммен алға басуда. Халықтық демократия елдері социалистік құрылыста барған сайын жаңа табыстарға жетуде. Совет үкметі бастаған жаңа бейбітшілік инициатива ССРО-ның халықаралық жағдайының онан әрі нығаятына, еліміздің беделінің өсуіне, бейбітшілікті сақтау және нығайту жолындағы бүкіл дүниежүзілік қозғалыстың мықтап өрлеуіне жеткізді. Бірсыпыра капиталистік елдерде жұмысшы қозғалысы өсіп, ұлғаюда. Отар және тәуелді елдерде ұлт-азаттық қозғалысы барған сайын кең өріс алууда.

Бұл фактілердің бәрі империалистерді қатты хауінтендіреді, реакцияшыл империалистік күштерді өздерінің әрекетін мықтап күшейтуге ұмтылдырады. Халықаралық бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің, ең алдымен оның жетекші күші — Совет Одағының өсіп отырған қуатын нашарлату үшін империалистік күштер күрестің барын тұрған айуандық және өткір құралдарын қолданады. Капиталистік мемлекеттер жанталаса қарулануда, соғыс авантюра-ларын жасауда, олар ССРО-ға қысымды күшейтуге тырысуда, демократиялық лагерь елдерінде әртүрлі арандатулар және диверсия әрекеттерін ұйымдастыруда, бұл әрекеттерге ашықтан-ашық және көбіне

қандай да болса әрекеттері, қаншама шебер бүрмеленсе де әшкерелеп, зиянсыздандырып отырамыз.

Біздің партиямыз — советтік қоғамның жетекші күші. Партияның басшылығы — советтік құрылыстың беріктігінің және мызғымайтындығының шешуші шарты. Партия еліміздің барлық еңбекшілерінің шексіз сеніміне, қолдауына, құрметіне және сүйіспеншілігіне сүйенеді. Көп жылдар бойына партиямыз белгілеп келген саясатты халық өзінің өмірлік мүдделеріне сай келетін саясат деп танып келеді, бұл саясатты жүзеге асыру үшін өзінің күші мен еңбегін аяп қалмайды. Бірақ, Совет Одағының Коммунистік партиясының мұндай монополиялық жайының көлеңкелі жақтары да бар. Жаулар өз мандаты үшін, өздерінің дұшпандық мақсаттары үшін, империалистік мемлекеттердің және олардың разведкаларының тапсырмалары бойынша бұлдіру әрекетін жүргізу үшін, коммунист атағын бетке ұстап, партия қатарына өтуге тырысқанын және тырысатынын біз көп уақытта ұмытамыз.

СОКН Орталық Комитетінің Президиумы әшкерелеген, халықаралық империализмнің агенті болып шыққан Берияның ісі, міне, осыны көрсетеді. Коммунистің бейнесінен айрылып, буржуазиялық азғынға айналған Берия шетелдік капиталдың мүдделері үшін, біздің Коммунистік пар-

тиямен келісімізбен және өздерінің ашық, оларды жою жолдарын көрсетіп отыратындай өту керек.

Коммунистер мен барлық еңбекшілері күшті революциялық қырағылық рухында тәрбиелеу — уақытша, өткінішті міндет емес, бүкіл партияның, барлық партия ұйымдарының күнбе-күнгі ісі. Біздің елімізде қанаушы таптар жойыла тұрса да, капитализмнің адам санасындағы сарқыншақтары әлі де бар екенін елемегуге болмайды. Солай бола тұрса да, партия на-сіхатында және бұқара арасындағы саяси-тәрбие жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Бұл кемшіліктерді жою, біздің насіхатымызды, бұқара арасындағы саяси жұмысымызды коммунистер мен бүкіл халықты коммунизм ісінің жеңімпаздығына сену рухында, партияға, социалистік Отанға шын берілгендік рухында тәрбиелейтін етіп жолға қою — міндет міне, осы.

Революциялық қырағылық — барлық жауларға қарсы біздің құралымыз. Бұл құралды әрдайым өткір, әрдайым ұрысқа әзір ұстайық. Сонда дұшпандардың қас-тық әрекеттерінің қандайы болса да сөзсіз күйрейді.

Коммунистер мен барлық еңбекшілердің революциялық қырағылығын күшейте берейік!

(«Правданың» 15 июльдегі басмаңаласы).

ССРО Жоғарғы Советін шақыру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етті:

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің бесінші сессиясы 1953 жылы 28 июльде Москва қала-сында шақырылсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары

Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль. 14 июль 1953 жыл.

Б. П. Бещев жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

ССРО Жол қатынасы министрі Б. П. Бещев жолдастың туғанына 50 жыл толуына байланысты және оның темір жол транспортын өркендетудегі еңбектері ескеріліп, Борис Навлович Бещев жолдас ЛЕНИН орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары

Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.

15 июль 1953 жыл.

Жазушы Ф. В. Гладковты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының УКАЗЫ

Көркем әдебиет саласындағы көрнекті еңбегі үшін, туғанына 70 жыл толуына байланысты жазушы Федор Васильевич Гладков ЛЕНИН орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары

Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.

15 июль 1953 жыл.

МЕТАЛЛУРГТЕРДІҢ ЕҢБЕГІН ҚОРҒАУ

Металлургия өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындарында өндіріс үйлеріндегі ауа температурасын реттеп тұратын установкалар кеңінен қолданылуда. Мұндай микроклиматтың жүздеген установкасы Дзержинский атындағы (Днепродзержинский) «Запорожсталь»,

Петровский атындағы, Серов атындағы және басқа заводтарда ойдағыдай қызмет етуде.

Быйылғы жылы металлургия кәсіпорындары мен рудниктерінде жаңа желдеткіш жүйелер көп жабдықталды. Тұрмыстық үйлер — киім шешінетін,

киім кептіретін, тағы басқа үйлердің құрылысы кең өріс алады.

Быйылғы жылы металлургия өнеркәсібінің жұмысшыларының еңбегін қорғауға және хауіпсіздік техникасын жақсартуға 253 миллионнан аса сом жұмсалады. (СОТА).

Мал азығын дайындауға адам күші мен көлік күшінің дұрыс ұйымдастырылмауының салдарынан «Игілік» колхозында шөп шабу, жыйнау, маялау, базға тасу жұмыстарының қарқыны мүлде нашар. Шөп сүрлеу ісін жүргізу былай тұрсын, оған әзірлік жұмысы да қолға алынған жоқ. Мұндай жағдайда колхоз малға біржарым-екі жылдық жемшөп қорып жасау былай тұрсын, жоспар бойынша

Телі Бондаренко жолдас, «Иркіндік» (председателі Сыздықов жолдас) колхоздарында да қанағаттанғысыз. Бұл колхоздарда, әсіресе, жемшөпті қораларға тасу, малдың қораларын жөндеу, жаңадан салу және жемшөп сүрлеу жұмыстарына мән берілмей отыр.

Мал азығын дайындауда аталған колхоздардың бәріне тән, ортақ кемшіліктер бар.

Шөп сүрлеуге мән берілмей отыр

Конюхов ауданының колхоздарында быйыл шөптің шығымы жақсы. Әсіресе, сүрленетін шөптер бітік өскен. Демек, аудан колхоздарында үстіміздегі жылы басқа мал азығымен бірге сүрленген шөпті де мол дайындауға толық мүмкіншілік бар. Алайда, ауданның көптеген колхоздарында мұндай күш-мүмкіншіліктер мүлде пайдаланылмай отыр.

Істің жайы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында дәл осындай. Атап айту керек, бұл колхозда шөп сүрлеуге ешбір көңіл бөлінбейді. Булай дейтін себебіміз — соңғы екі-үш жыл ішінде мұнда бірде-бір центнер шөп сүрленбеді. Өткен жылдардағыдай, колхоз басқармасы, оның председателі Менков жолдас шөп сүрлеуге быйыл да мән бермей отыр. Быйылғы жылы мұнда 4 мың центнер шөп сүрленуге тиіс. Алайда, бұл жұмыс осы күнге дейін басталған жоқ. Шөбі сүрленетін шабындықтар шабылмай жатыр. Керек десе, мұнда сүрленген шөпті сақтайтын шұңқырлар мен траншеялар да дайындалмаған.

Шөп сүрлеуге маңыз бермей, оны кенже қалдырып келе жатқан шаруашылықтардың бірі — Куйбышев атындағы колхоз. Колхоз председателі Стаценко жолдас «күзге дейін жоспарды бірдеңе қы-

лып орындаймыз ғой, бұған уақыт әлі бар», деп шөп сүрлеу жұмыстарын ұйымдастырмай, оны бетімен жіберіп отыр. Жасалған жоспар бойынша үстіміздегі жылы мұнда 5 мың центнер шөп сүрленбек. Бұл жұмыс ойдағыдай жүргізілсе, колхоздың қоғамдық малын қунарлы жемшөппен қамтамасыз ету ісіне үлкен жеңілдік келетіндігі сөзсіз. Ама! не, колхоз басқармасы мұны ескермей, жемшөп сүрлеу жөнінде арқаны көпте салумен келеді.

Шөп сүрлеу «Жаңа тұрмыс» колхозында да (председателі Салахутдинов жолдас) ұмыт қалған. Мұнда сүрленетін шөпті шабу ұйымдастырылмаған. Колхоз басшылары быйыл малға сүрленген шөпті дайындауды ойлап та отырған жоқ. Бұған осы күнге дейін шөп сүрлеуге күш-көліктің бөлінбеуі, сүрленген шөпті сақтайтын шұңқырлар мен траншеялардың әзірленбеуі толық дәлел болады.

Қоғамдық малға сүрленген шөп әзірлеу жөнінде МТС-терге зор міндеттер жүктелетіні белгілі. Соған қарамастан ауданның Чистян, Суворов атындағы МТС-терінің қатысуы мүлде нашар. Бұл екі МТС-те сүрленетін шөпті шауып, жыйнауға 8 комбайн әзірленбек еді. Осыдан күні бүгінге дейін бар болғаны бірақ ком-

байн мен астық дайындау науқанына жүйесіне аз-ақ күн қалды. Колхоздар егін жыйнау басталғанға дейін жемшөп дайындау жұмыстарын толық аяқтаулары керек. Совет ауданының басшылары бұл колхоздардағы орын алып отырған елеулі кемшіліктерді шұғыл жоюға көмектесіп, мал азығын дайындау қарқынын барынша арттыруға тиіс.

Р. ЫДЫРЫСОВ.

байн дайындалған. Ал, Чистян МТС-і бұл жұмысқа бірде-бір комбайн әзірленген жоқ. Сөйтіп, аталған МТС-тер (директорлары Белоусов, Мотыгин жолдастар) жемшөп өндіру, оның ішінде сүрленген шөп дайындау жөнінде колхоздармен жасасқан шартты міндеттемелерін толық орындауды ойламай, істі бетімен жіберуде. Бұл МТС-тер әлі күнге қамтуындағы колхоздарға бірде-бір центнер шөп сүрлеп берген жоқ.

Партияның XIX съезі қоғамдық мал шаруашылығын ауыл шаруашылығының табысты, мол өнімді саласына айналдыру міндетін қойды. Ауыл шаруашылығындағы мұндай күрделі міндетті ойдағыдай жүзеге асыру мүддесі қоғамдық мал үшін қунарлы жемшөптің мол және тұрақты қорын жасауды талап етеді. Олай болса, Конюхов аудандық партия комитеті мен Совет аткомі және аудандық ауылшаруашылық бөлімі колхоздарда жемшөп өндіру, әсіресе, шөп сүрлеу жұмыстарында жаңа қарқын туғызып, үстіміздегі жылы қоғамдық малды жемшөппен жеткілікті қамтамасыз етуге жетісуге тиіс.


Б. ЖАҚЫПОВ,

ҚАРАҚОҒА (өз тілшіміз).

Облыс колхоздары мен совхоздарында жемшөп дайындау және шөп сүрлеудің барысы туралы

15 июльдегі мәлімет

Аудандар	жоспардың орындалу проценти	
	шөп шабу	шөп сүрлеу
Булаев	58,6	9,9
Ленин	54,8	6,1
Приешім	53,6	1,5
Петропавл	53,0	14,4
Совет	50,8	3,5
Конюхов	50,5	22,2
Полудень	49,4	28,1
Мамлют	44,1	5,2
Октябрь	44,0	0,8
Соколов	43,3	40,3
Преснов	41,3	7,3
Колхоздар бойынша	48,2	11,7
Совхоздар бойынша	61,4	2,6



Соколов ауданындағы «Путь коммунизма» колхозы комбайнмен жабайы шөптерді шабуға. Көзір 100 тоннадан артық жабайы шөп шабылып, сүрленді. СУРЕТТЕ: комбайншы Г. Бровин жолдастың комбайнмен қамыс шауып жүрген кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса береміз

ҚКП Петропавл аудандық комитетінің партия, совет активімен басқосқан пленумы

15 июльде Петропавл аудандық партия комитетінің партия, совет активімен басқосқан, Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Пленумының қорытындыларын талқылауға арналған пленумы болды.

Пленумда ҚКП Петропавл аудандық партия комитетінің секретары Ш. Қабунасов жолдас баяндама жасады. Пленумға қатынасшылар СОКП Орталық Комитеті Пленумының Берияның мемлекетке қарсы, партияға қарсы қылмыстық әрекеттерін жою жөніндегі дерекзінде және батыл қолданған шараларын асқан зор ынтамен қарсы алып, оны бірауыздан мақұлдады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеушілер СОКП Орталық Комитетінің ұлағайтақ елімізге барлық жағынан дұрыс және іркілсіз басшылық жасап, совет халқының тұрмыстық-мәдени дәрежесін жақсартып, оны коммунистік қоғамның сәулетті шынына бастап отырғандығы туралы айтты.

— «Луч Ленина» колхозының колхозшылары мен колхозшы әйелдері, — деді осы колхоздың председатели Е. Бауқенов жолдас, — СОКП Орталық Комитетінің Берияның зулымдық әрекеттерін жою жөніндегі қолданған шараларын өңбектегі өрлеу үстінде қарсы алды. Совет халқының правосына қол сұғуға ешкімге жол бермейміз. СОКП Орталық Комитетінің қарарын алған міндеттерімізді мерзімінен бұрын орындау арқылы үнемі қолдап отырамыз.

— Асанов МТС-нің жұмысшылары мен қызметкерлері, — деді МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Ф. М. Шықов жолдас, — Коммунистік партияның Орталық Комитеті Президиумы мен Пленумының халық жауы Берияның мемлекетке қарсы және партияға

қарсы зулымдық әрекеттерін жою туралы дерекзінде қолданған батыл шараларын бірауыздан қолдайды. Халықаралық империализмнің жааламалы агенті болған Берия үкмет пен партияның кешіктіруді күтпейтін қаулыларын түрлі сылтаулармен бөсең, елімізді азық-түлікпен қамтамасыз етуді қиындатқысы келді. Бірақ, зулымның бұл әрекеті ісге аспай, ол Орталық Комитеттің қырағылығы арқасында дерекзінде өшкереленді.

Мінбәде аудандық дайындау мекемесінің меңгерушісі П. Д. Шипурнов жолдас, — Менің жасым 62-де, — деді ол, Берияға деген бойдағы ыза-кекті сөзбен айтып жеткізу қиын. Осы өмірімнің ішінде партия берген тапсырмаларды абыроймен орындап келемін. Алдағы уақыттарда да партия жіберген жерде аялбай қызмет етіп, сүйікті Отанға ет пен сүтті және басқа ауылшаруашылық өнімдерін уақытылы жыйнап, өткізу ісіне бар күшімді саламын.

Петропавл аудандық Советі атқоминоі председатели Ө. Ыбраев жолдас Берияның көп ұлтты социалистік мемлекеттің негіздерінің негізі — ССРО халықтарының арасында араздық тудыру жөніндегі жауыздық әрекеті жөнінде айтты. Туысқан Коммунистік партияның сара басшылығы арқасында, — деді ол, — орыс халқының және Совет Одағының басқа да халықтарының көмегімен қазақ халқы совет өкметі жыдырында тамаша табыстарға жетті. Қазақстан артта қалған аграрлы елден алдыңғы қатарлы, индустриялы, мәдениетті елге арналды. Қазақ халқы келешекте де ұлы орыс халқымен өмірлік достықты нығайтып, оны одан әрі дамыта береді.

Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Л. В. Декастро, «Ақбас» совхозы партия ұйымының секретары О. Жауменов жол-

дас тар аудан мұғалімдері мен совхоз жұмысшыларының және қызметкерлерінің партия мен совет халқының жауы Берияның араздатушылық әрекетіне батыл наразылық білдіріп, СОКП Орталық Комитеті Президиумы мен пленумы қолданған шараларды қарсы алып, оны толық қолдайтындығы туралы айтты.

Пленум ауданның бастауыш партия ұйымдарынан Маркетін — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің ілімін кеңінен насихаттап, аудан еңбекшілерін саяси қырағылыққа тәрбиелеуді талап етті. Мұнымен бірге, пленум кадрларды іріктеп алып, оларды орналастыруда, шаруашылық және мәдени-құрылыс жұмыстарына басшылық жасаудағы кейбір болып келген кемшіліктердің бетін ашты.

Кейбір партия ұйымдары партия жыйналыстарын уағында өткізіп отырмайды. Ауданның колхоздары мен совхоздарында, МТС-терінде шөп шабу науқанының барысы баяу. Сол сияқты, егін орағына әзірлік жұмыстары да айтарлықтай емес. Әресе, МТС-тер техника күшін толық пайдалана алмай отыр.

Ауданның партия, совет ұйымдары және шаруашылық орындары бұл кемшіліктерді жедел жоюға тиіс.

Пленумда жарыссөзде барлығы 9 адам сөз сөйледі.

Пленум Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Пленумының қаулысын толық қабылдап, оны бұлжытпай басшылыққа ала отырып, Петропавл ауданының колхоздары мен совхоздарында және МТС-терінде шаруашылық және мәдени-құрылыс жұмыстарына басшылық жасауды жақсартып, партиялық-ұйымдық және идеологиялық жұмыстарды күшейтуге бағытталған практикалық шаралар белгілеп қаулы алды.

ЖАСТАР ҮНІ

Бұрнағы күні ҚЛКЖО облыстық комитеті мен қалалық комитеттің 500-ден аса комсомолецтер қатысқан біріккен пленумы болып өтті. Пленумда ҚКП облыстық комитетінің секретары Ниязбеков жолдас СОКП Орталық Комитеті Пленумының қорытындылары туралы баяндама жасады.


Пленумға қатысушы жастар өздерінің сөзінде Берияның партияға және мемлекетке

қарсы зулымдық әрекеттерін жою туралы дерекзінде қолданған батыл шараларын бірауыздан қолдайды. Халықаралық империализмнің жааламалы агенті болған Берия үкмет пен партияның кешіктіруді күтпейтін қаулыларын түрлі сылтаулармен бөсең, елімізді азық-түлікпен қамтамасыз етуді қиындатқысы келді. Бірақ, зулымның бұл әрекеті ісге аспай, ол Орталық Комитеттің қырағылығы арқасында дерекзінде өшкереленді.

Мінбәде аудандық дайындау мекемесінің меңгерушісі П. Д. Шипурнов жолдас, — Менің жасым 62-де, — деді ол, Берияға деген бойдағы ыза-кекті сөзбен айтып жеткізу қиын. Осы өмірімнің ішінде партия берген тапсырмаларды абыроймен орындап келемін. Алдағы уақыттарда да партия жіберген жерде аялбай қызмет етіп, сүйікті Отанға ет пен сүтті және басқа ауылшаруашылық өнімдерін уақытылы жыйнап, өткізу ісіне бар күшімді саламын.

комсомол ұйымының секретары Бутич жолдас былай деді:

— Жау Берия көп ұлтты совет халқының арасындағы мызғымас достықты бұзуға әрекет жасады. Алайда, оның бұл ойлаған зулымдығы жүзеге аспады. Бізде ұлт достығы сондай күшті. Мәселен, біздің совхозда 7—8 ұлт бар болса, солар-



Ленин ауданындағы Образцовая МТС-нің электр жабдықтары жөніндегі механигі А. Горн «Дозитор-автомат» аспабын жасады. Бұл аспап дизель тракторларының жағу аппаратурасы секцияларының жұмысын жақсартуға арналған.

СУРЕТТЕ: А. Горн жолдас өзі жасаған аспаптың жұмысын бақылап тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

СПОРТ

Қалалық жарыс

«Динамо» стадионында городки ойынынан қала бойынша бірінші орын алу үшін жарыс өткізілуде. «Молот» спорт клубының және «Труд» ерікті спорт қоғамдарының командалары арасында болған ойында 2:0 есебімен «Молот» спорт клубының городкишілері жеңіп шықты. «Буревестник» командасы 2:0 есебімен электрикшілерден жеңілді.

«Динамо» және «Электрик» командаларының арасында болған жарыс өте қызықты болды. Ойынның алғашқы кезегі динамолықтардың пайдасына аяқталса, екінші кезеңінде ойын «Электрик» командасының пайдасына аяқталды.

Ойынның қорытындысында 2:16 есебімен «Динамо» городкишілері «Электрик» командасын жеңіп шықты.

Городкий ойыны бойынша жарыс «Динамо» стадионында 22 июльге дейін өткізілмек.

5:0

«Локомотив» стадионында Омск темір жолының кубогін алу үшін Петропавлдың «Локомотив» командасы Баранскінің «Локомотив» командасымен кездесті. Ойынды көру үшін стадионға үш мыңнан астам адам жыйналды.

Алғашқы таймда алаң иелері жиі шабуыл жасаумен болды. Петропавлдың «Локомотив» командасының ойыншысы

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы қарарлары мен ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулысы туралы шетел баспасөзінің пікірі

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ

ПЕКИН, 13 июль. (СОТА). Қытай баспасөзі Берияның партияға қарсы, мемлекетке қарсы қылмыстық әрекетінің өшкереленуіне көп көңіл бөліп, оның өшкереленуі совет мемлекетінің күші мен қуатының нығаюына көмектесетінін атап көрсетуде. Қытайдың орталық газеттері 11 июльде СОКП Орталық Комитетінің Пленумы мен ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Берияның ісі жөніндегі қарарлары туралы хабарларды жариялады. Газеттер СОКП Москва комитетінің, Москва қалалық комитетінің Москва және Москва облысының партия активімен басқосқан біріккен пленумы туралы хабар мен «Правда» газетінің 10 июльдегі «Партияның үкметтің, совет халқының мызғымас бірлігі» деген басмақаласын да жариялады.

Бұл күні СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарын, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулысын және «Правданың» 10 июльдегі «Партияның үкметтің, совет халқының мызғымас бірлігі» деген басмақаласын Шанхайдың барлық газеттері жариялады.

«Женьминьжибао» газеті кеше «Совет Одағының Коммунистік партиясының бірлігі және нығаюы бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің мүдделеріне сай келеді» деген басмақаласында: Берияның қылмыстық әрекеттерінің өшкереленуі және СОКП Орталық Комитеті Пленумының оны партиядан шығару туралы қарары, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының оны қызметтен алып, сотқа беру туралы қаулысы СОКП қатарын нығайту және оның бірлігін күшейту күресіндегі зор жеңіс, сол сияқты бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің зор жеңісі болып табылатынын, өйткені СОКП қатарын үнемі нығайта беру еңбекшілердің күнбе-күнгі мүдделеріне сай келетінін атап көрсетті.

Газет Берияның халықаралық империализмнің агенті бола отырып, соңынан И. В. Сталиннің қайтыс болуынан кейінгі және империализмнің ССРО-ға қарсы әрекеті қатты күшейген жағдайда өзінің шын кескінін, совет мемлекеті мен совет халқының жауы екенін, империализмнің құйыршығы екенін ашық көрсеткенін жазған.

Берияның өшкерелеудің барлық елдердегі коммунистік қозғалысы үшін қандай маңызы бар екенін айта келіп, газет Компартия мен халықтың жауы Берияның қылмыстық әрекетін күйрету «барлық елдердің компартиялары үшін маңызды саяси сабақ болып табылатынын» көрсеткен.

Қорытындысында газет былай деп жазады: Берияның қылмыстық әрекет-

50 жыл ішіндегідей, көзінде де өзінің мызғымас идеологиялық күресте сыннан өткен өз қатарының шыныққандығын және берік топтасқандығын тағы да дәлелдеп көрсетті. Данышпан Ленин құрған Совет Одағының Коммунистік партиясы Лениннің және оның ісін алға апарушы ұлы Сталиннің, сол сияқты олардың қарулас жолдастарының басшылығымен нығайтып, дүниені өзгертуші қуатты күшке айналды. Партияның бірлігін бұзуға, оны дұрыс жолдан тайдырып, буржуазия алдында тізе бүгу жолына түсіруге тырысқан жаулар мен азғындарды СОКП мұнан бұрын да талай рет өз жолынан сыпырып тастады. Халықтың жауларын талқандай отырып, партия өз қатарының мызғымас бірлігін нығайтып келді, өзінің еңбекшілер бұқарасымен байланысын нығайтып келді, оларды жаңа күреске және жаңа жеңіске қарай тура бастап келді.

Халық жауы Берияның партияға қарсы, мемлекетке қарсы қылмыстық диверсиясын, шетелдік капиталдың мүдделерін көздеп, совет мемлекетін нашарлатуға бағытталған әрекетін өшкерелеп зиянсыздандыру империалистік реакциялық күштерге қатты соққы бергенді, партия қатарының мызғымас бірлігін және оның халықпен байланысын нығайтқандық болып табылады.

Берияның қылмыстық әрекетінің күшеюі империализмнің реакцияшыл күштерінің диверсиялық әрекетінің жалпы күшеюіне байланысты.

Біздің партиямыз бүкіл дүние жүзінің Коммунистік және Жұмысшы партияларымен бірге, СОКП Орталық Комитетіне өзінің туысқандық ынтымағын білдіреді, халық жауы, опасыз және азғын Берияның қылмыстық диверсиясының мезгілінде өшкереленіп зиянсыздандырылуын қанағаттанғандықпен құттықтайды.

ЧЕХОСЛОВАКИЯ.

ПРАГА, 13 июль. (СОТА). Чехословакияның барлық орталық газеттері Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы информациялық хабарды, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қаулысын, «Правда» газетінің 10 июльдегі «Партияның үкметтің, совет халқының мызғымас бірлігі» деген басмақаласын, СОКП Москва комитетінің, Москва қалалық комитетінің Москва және Москва облысының партия активімен басқосқан біріккен пленумы туралы есепті жариялады.

Сол сияқты, газеттер «Правданың» «Партияның үні, халықтың үні» деген басмақаласын, КВОС Президиумының қарарын, одақтас республикалардың астаналарындағы және Совет Одағының өнеркәсіп орталықтарындағы партия комитеттерінің коммунистер активімен

бетке қарсы қылмысты әрекеттерін жою үшін СОКП Орталық Комитетінің деркезінде қолданған шараларын қызу мақұлдады. Жастар өздерінің сөзінде совет халқының СОКП Орталық Комитетінің төңірегінде бұрынғыдан да тығыз топтасып отырғандығын, партия мен халықтың арасындағы бұл мызғымас достықты ешбір жаудың бұза алмайтындығын айтты.

Бірінші болып сөз алған облыстық комсомол комитетінің секретары Белетченко жолдас былай деді:

—Еліміздің еңбекшілерімен бірге, облысымыздың комсомол-жастары да партияға және мемлекетке қарсы қылмысты әрекеттер жасаған, совет халқын бақытты, шат тұрмыстан айыруға тырысқан партияның, халықтың қас жауы Берияны деркезінде өшкере алмайтын үшін СОКП Орталық Комитетіне шын жүректен алғыс айтуда. Облыс жастары СОКП Орталық

Бұдан кейін ол аудан жастарының колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру күресіне қосып отырған үлестеріне тоқтады.

СОКП Орталық Комитетінің басшылығымен біз, —деді Петропавл паровоз депосының слесары Кочетков жолдас, —коммунистік құрылыстың шыңына қарай алға басудамыз. Берия сыяқты жауыздар, империализмнің жалдамалылары халық шаруашылығын өркендетудегі табыстарымызды көре алмайды. Бірақ, біздің Коммунистік партиямыз бұл сыяқтыларды кезінде өшкере алмай және алдағы уақытта да өшкере алмайды. Паровоз депосының жастары жау Берияның қылмысты әрекеттерінен қорытынды жасай отырып, өздерінің қырағылықтарын күшейте түседі және Отанымыздың күш қуатын нығайтуда қажырлы еңбек етеді.

Октябрь ауданындағы Степной совхозы

мақтаса бірікпей еңбек етеді. Осының нәтижесінде совхоздың шаруашылық жұмыстары үнемі табыспен аяқталуда. Совет халықтарының мұндай достық-ынтымағы ешуақытта бұзылуға тиіс емес.

Қалалық комсомол комитетінің секретары Шеннина жолдас комсомол ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктердің барлығын айта келіп, комсомолдердің саяси қырағылығын арттыруға, комсомол ұйымдарының жұмысын жақсартуға, жастар арасындағы саяси-тәрбие жұмыстарын күшейтудің маңыздырақ тапталды.

Пленумда барлығы 19 адам сөз сөйледі. Пленумға қатысушылар СОКП Орталық Комитетінің төңірегінде бұрынғыдан да тығыз топтаса түсіп, жергілікті партия орындарының айбынды көмекшілері болатындықтары жөнінде сөз берді.

алғашқы допты өткізіп, есеп ашты. Көп кешікпей петропавлдықтар екінші допты өткізді.

Ойынның қорытындысында петропавлдықтар 5:0 есебімен Барабинскийдің «Локомотив» командасын жеңді.

В. ЗИМИН.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СПАРТАКИАДАСЫ

Жақында Явленка селосында (Ленин ауданы) оқушылардың аудандық спартакиадасы болып өтті. Оған ауданның орта, жетіжылдық мектептерінің оқушылары қатысты.

Спартакиаданың қорытындысында Явленка орта мектебінің спортшылары бірінші орынға, Петровка жетіжылдық мектебінің спортшылары екінші орынға ие болды. Бірінші және екінші орындарды жеңіп алғандарға дипломдар мен бағалы сыйлықтар берілді.

Б. МҮСТАФИН.

Аня мен Настя

Бұлар сырт пішіні жағынан да, мінезі жағынан да бір-біріне ұқсамайтын. Қыр мұрынды, көкшіл көзді, талдырмаш келген кішкене Настяға, орта бойлы, толық келген ақ еяры қыз Аняның мінезі тіпті үйдеспейтін. Настя болса жайдары мінезді, әзілқой, ешкімді жатынбайтын ермінезді қыз. Ал, Аня болса, томаға тұйық салмақты болатын.

Настя мен Аня 1945 жылы Петропавл теміржолшылар училищесіне келіп оқуға түсті. Мұнда оқып жүрген кездерінде дұрысырақ айтқанда оқу жылының алғашқы жылдарында, бұлар бірін-бірі еркін білмейтін. Кейіннің өзінде бір бөлмеде жатып, бірге дайындалып жүргенімен сыпайы жолдастық қарым-қатнастан артық сырлас емес-ті.

...1947 жылдың майы. Қалалық кітапханадан үйге оралған Настя мен Аня бір-біріне жаз айының кешкі көрінісіне қызықтап, ерекше бір көңілді әңгімелер айтып келе жатты. Олар жатақханаға жете бере далада отырып, кешкі ауа мен демалуды мақұл көрді.

—Настя, бітірген соң қайда барғың келеді?

—Жұмысқа, —деді әзілқой Настя.

—Білемін ғой, бәрімізде жұмысқа барамыз. Сен әзілде-әзілдеме, менің шыным. Жұмысқа қайда орналасқан дұрыс соны айтшы.

—Жалын?

—Настенька, айта ғой! (Аня Настядан екі жас үлкен болатын).

—Мен түп-тура анау күнгі біз тәжірибе жұмысына барған цех бар ғой, соған барамын. Маған тіпті ұнады. Ал, әлгі ағай ше, қандай, тіпті біз дегенде жаны қалмайды. Өзің айтшы, бізді «ДП—300» станогіне үйреткен де сол кісі емес пе?

—Кімді айтасың. Иван Васильевич пе?

—Ие.

Тура ойымнан шықтың, Настенька. Мен де сонда бармақшы едім.

—Рас па? Алақай, онда бірге баратын болдың қой деп Настя Аняны құшақтай алды.

Міне, осы күннен бастап, олар алдағы өмірлері және келешек жұмыстары туралы үнемі әңгіме етісетін болды. Тіпті күн санап, бір-біріне деген мейірандығы мен достығы ерекше арта түсті.

Олар емтиханға үнемі бірге дайындалып жүрді. Емтихан қорытындысында Настя мен Аня үздік оқушылар қатарында бітіріп шықты. Жұмысқа жіберетін уақыт та жетті. Бұлардың ойлағанындай, Аня мен Настяға Петропавл паровоз депосының механикалық цехына бару ұсынылды. Цехқа алғаш үйренуші болып кірсең Аня мен Настяға жұмыс оңайлыққа түседі. Әресе, болат темірді ағашпен жонатын станок тетігін толық меңгеріп, оған дегенін істету бұлардың қолынан әлі де болса келмейтін еді. Алғаш бұлар істеген жұмыстан ақау да табылып жүрді. Жөнуге я болмаса бұранда салуға берілген кішігірім машинаның бөлшектерін өңдеуге олар көптеген уақыт жіберіп, зорға жасап жүрді.

Бертін келе Аня мен Настя станокті өздері меңгеріп кетті.

—Енді бізді токарьлар деп атайды. Қандай бақыт десеңіші! Біздің шешелеріміз дәл осы біздей кездерінде станок тетігін меңгермек түгілі іс тізетін машинаға қайрап қалатын едік деп айтқанын өз құлағымымен талай естіген едім.

—Ие Настенька, тек енді біз цехтың зор сенімін ақтай білетін болайық. Сон-

да ғана өз мамандығымызға біз толық мақтана аламыз. Кім болсын өз ісін толық меңгеріп, жемісті еткенде ғана маман бізді тек токарьлар деп атамай, стахановшылар деп те атайтын болсын.

Аняға Настя өте разы болып кетті. Дұрыс айтасың, деді өзінің алғашқы сөзіне қысылып қалған Настя. Біз тек атаққа мәз болушылық сезімінен аулақ болуымыз керек. Ал, сенің бос уақытың бар ма? Бүгін кешке таман біздікіне кел. Осы жөнінде сөйлесейік...

Аня мен Настя жұмыс уақытында бір-де-бір минутын бос жібермейтін. Алғашқы жылдары бұлар өндірістік тапсырмаларын 100-120 процент орындап жүрді. Бірақ аға токарьларды көріп, Аня кейде өзінен-өзі қызығатын еді. «Қалайша біз осы кісілердің көрсеткішіне жете алмаймыз» дейтін, ол өзіне өзі. Ал, Настя болса, жұмыс аяғында болсын, түскі үзіліс мезгілінде болсын аға токарьлар станогінің маңынан шықпайтын.

...1952 жыл. Қызметтес достар Аня мен Настя цех жылына басталардан ерте келді. Қыс айы болатын. Даладан аяз сорып, албырғып келген жастардың жүзі электр жарығымен күреңіте түседі. Бүгін цехтың жылдық жоспары қорытылып, 1953 жылға жаңа міндеттеме алынбақ.

—Осы кейінгі айда қанша процент еді, —дейді Настя Аняға.

—230.

—Өзіңдікі ше...

Жылыналысты цех мастери Иван Васильевич Латаев жолдас ашып, өткен 1952 жылғы цехтың қол жеткен табыстарына тоқталып өтті.

Иван Васильевичтің сөйлеп болуын күтіп отырған Настя ол бітісіменен сөз алып, мінбеге шықты. Настяның дауысы алғаш аз қарлығыңқырап шыққанымен кейін ол оны түзеп әкетті.

—Жолдастар, — деді ол біздің қай қайсымыз болсын партияның XIX съезінің директиваларымен толық таныстық. Еліміздің еңбекшілерінің алдында тұрған кәсіргі басты міндет —бесжылдық жоспарды мүлтіксіз жүзеге асыру. Сондықтан да мен коллективті бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығуға шақырамын.

...Цех іші қайнаған еңбек. Өрбір станоктан шыққан үн депо ішіндегі жалпы еңбек үніне ұптасып тұр. Станоктан жонылған бөлшектің кесінділері көк жасыл ленталарға ұқсап, ұзыннан-ұзақ иіріліп түсіп жатыр. Көтеру бұрандасының ақырғы жұмыс процесіне ден қоя қарап тұрған Настя өзінің досы Аняның келгенін байқамай да қалды.

—Настя сен білдің бе?

—Ол не, (жұмыс уақытында Настяға Аня тіпті келмейтін).

—«За здоровый паровоз» газетінің жаңа номері шығыпты. Онда біздің депо 373 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеген. Оның ішінде басқа цехтармен қоса біздің цехтың да қосқан үлесі айтылыпты.

—Онда, — деді шаттанған Настя соның құрметіне жарысың бар ма?

—Кел...

Еңбектен өскен екі достың әзілінің жемісі жұмыс аяғында көрінді. Олар емен аяғында 270 проценттен жұмыс жоспарын орындап шықты.

—Кәзір цехта 200 проценттен төмен көрсеткіші бар жұмысшы кемде-кем кездеседі. Бұл бастама —еңбектен өскен комсомолдар достар Аня мен Настяның бастамасын. Ал, кәзірде бұл бастама цех көрсеткішін 200 процентке жеткізіп отыр, —дейді цех мастери Иван Васильевич.

**Қ. БАЙБАТЫРОВА.
Ж. СМАҚОВ.**

Совет шахматшыларының Москваға қайтып келуі

15 июльде Нью-Йоркте өткізілетін АҚШ командасымен ойынға қатысуға тиіс болған советтің бір топ шахматшылары 14 июльде Париждан Москваға қайтып келді.

Баспасөзде хабар етілгеніндей, америкалық өкмет орындары совет шахматшыларының Нью-Йорк қаласынан тыс жерге шықпауын, ССРО-ның БҰҰ жанындағы өкілдігінің Гленков қаласындағы дачасына барғанда онда тек күндіз ғана болуын және соның өзінде әр дайым эмиграциялық өкмет орында-

ларды жариялады.

«Руде право» газеті «Совет Одағы мен бейбітшілік жауларының қаскүнемдік әрекетін талқандау» деген үлкен редакциялық мақала берді. Чехословак халқы, деп жазады газет, сұрқын авантюрист Берияның өшкере алмайтын туралы хабарды аса көңіл бөліп оқыды. Чехтар мен словактар империализм агентінің дұшпандық әрекетін бағытталған жойғаны үшін, Совет Одағының Коммунистік партиясына өзінің аса зор құрметін білдіреді.

Чехословакия халықтары, деп жазады «Руде право» газеті, Берияның қаскүнемдік әрекетін батыл жоюды бейбітшіл Совет Одағының қуатының үздіксіз өсуінің белгісі деп таныды. Совет Одағы империалистерге олардың совет мемлекетіне қарсы бағытталған жоспарларының қайдағы болса да сөзсіз күйрейтіндігін батыл көрсетті.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ИМПЕРАТОРДЫҢ НАН ПІСІРУШІСІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ТРАКТОРИСТ»

Сеанстар сағат 4-6-8-де басталады.

ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРАДА

«ЦЫТАДЕЛИДЕГІ ӨМІР»

Сеанс сағат 3-те басталады.

«Кинопрокаттың» Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімшесі облыс экрандарында «Полк қызы» деген көркем суретті, түрлі түсті жаңа фильм көрсете бастады.

ОБЛЫСТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ БӨЛІМІНІҢ ОҚУ-ӨНДІРІС КОМБИНАТЫ

Отан соғысының 1-2-3 группа мүгедектерінен және 1-2 группа еңбек мүгедектерінен, сол сыяқты бала кезінен мүгедек болғандардан курсанттар қабылдайды. Оқуға 13 жастан 50 жасқа дейінгі азаматтар қабылданады.

Оқу мерзімі 1 жыл. Оқу 1953 жылғы 1 октябрьде басталады. Оқу-өндіріс комбинаты етікшілер және киім тігушілер дайындайды. Оқуға қабылданғандар толық мемлекет қамқорлығында болады.

Арыздар осы жылғы 10 июльден 20 сентябрьге дейін қабылданады.

Оқуға түсем деушілер өзінің тұрған жеріне қарай қалалық, не аудандық қамсыздандыру бөлімдерінен түсінік алуларына болады.

Адрес: Петропавл қаласы, Крепост көшесі, 5-үй.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.